



15 қарашада сағат 10:00-де Қосшы қаласында алғаш рет көркем гимнастикадан жарыс өтеді. Бұл ретте Астана, Қосшы қалаларынан 5-12 жас аралығындағы 80-ге жуық спортшы сайыспақ. Жарыс FIG 2025-2028 жылдар ережелеріне негізделген. Өтетін орны: Қосшы қаласының қоғамдық мәдени-спорт кешені. Жас спортшыларға жанкүйер болыңыздар!



28 қарашада сағат 18:00-де Қосшыда тұңғыш рет «+Qala» спектаклінің премьерасы өтеді. Лирикалық комедия жанрындағы бұл спектакльдің авторы – жазушы, драматург Бақытбек Қалып, қоюшы режиссері – Жұдызбек Жұманбай. Ал кейіпкерлер бейнесін «Qosshy» ойын-сауық театрының өнерпаздары сомдайды. Қойылымда ізгі қала тұрғындары бастан өткерген түрлі оқиға, еліміздің түкпір-түкпірінен қоныс аударған қалалық, далалық адамдардың Қосшыда тоғысқан өмірі, ментальдық ерекшеліктері суреттеледі. Әр өңірден келген адамдардың көршілік қарым-қатынасы, урбанизация әсерінен адами байланыстардың үзілуі, кейін күтпеген оқиға нәтижесінде олардың бірігіп, шынайы достық пен түсіністік орнатуы көркем бейнеленген. Береке-бірлік пен тату көршіліктің қадірі сипатталады. Келіңіздер! Көріңіздер! Премьераның бағасын беріңіздер!

**КРОССВОРД 7-БЕТТЕ**

**№45 (184)**

15 ҚАРАША  
СЕНБІ  
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ  
22 АҚПАНЫНАН  
БАСТАП ШЫҒАДЫ

# Jaña Bastau

[www.janabastau.kz](http://www.janabastau.kz)



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН  
ЖАЗЫЛУ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

## ЖАС ҚАЛАНЫҢ ЖЕТІСТІГІ БАСЫМ

Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде баяндама жасады. Бұл ретте алдымен президент Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген стратегиялық міндеттердің Ақмола облысында іске асырылу барысынан ақпарат берілді. Біз оқырман назарына соның ішінен Қосшы қаласына қатысы бар бірнеше мәліметті іріктеп ұсынып отырмыз.



Сонымен, бүгінде Ақмола облысында 43 жаңа нысан салынған. Оның ішінде 38 дәрігерлік амбулатория мен фельдшерлік пункттер «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық пилоттық жобасы аясында іске асып отыр. Сондай-ақ ол жоба шеңберінен тыс тағы 5 медициналық нысан пайдалануға берілді. Соның арқасында енді 130 мыңнан аса ақмолалық сонау аудан орталығына қатынап әуре болмай, дәрігерге өз ауылында-ақ қарала алатын болды. Сонымен қатар Қосшы қаласында заманауи көпсалалы аурухана мен емхана құрылысы аяқталуға жақын. Нысанның қуаттылығы – 350 төсек-орын және тәулігіне 1 мың адам қабылдау. Ол қала тұрғындарымен қатар, жақын 7 ауданның халқын да қамтитын болады. Мұнда 1 700-дей адам еңбек етеді. Аурухана алғашқы пациенттерді 2023 жылдың қаңтарында қабылдай бастайды. Ал биыл жыл соңына дейін ішкі әрлеу жұмыстары, медициналық жабдықтар мен жиһаз орнату толық аяқталады. Жалпы алғанда, негізгі 350 төсектік корпусның толыққанды ашылуы 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығына жоспарланған.

Бастысы, өңірдің Көкшетау, Степногорск, Қосшы және Аққол қаласында медицина қызметкерлеріне түсетін әкімшілік жүктемені азайту мақсатында дәрігерлерге ЖИ-ассистент қолғабыс жасай бастады. Облыс әкімі Марат Ахметжановтың айтуынша, бұл жүйе қабылдауды тіркейді, маңызды ақпаратты алады, құжаттаманы толтырады және 80%-ға дейін нақты алдын ала диагнозды ұсынады.

Одан бөлек, әкім 2026 жылы Қосшы қаласында жаңа электр энергиясы станциясының құрылысы басталатынын мәлім етті.

«Биыл 165 шақырымды қамтитын 6 электр желісі

жобасы іске қосылады. Оның қатарында Қараөткел, Ақмол, Қаражар, Жалтыркөл, Жібек жолы ауылы және Қосшы қаласы бар. Электр желілері тапшылықты жоюға мүмкіндік береді және елорда маңындағы 30 мыңнан аса тұрғынды үздіксіз жарықпен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Қосшы қаласында электр энергиясы тапшылығын шешу үшін 3 қосалқы станцияның жобалау жұмыстары аяқталуға жақын. Оның ішінде «Северная», «Гарден Вилладж» жаңғыртылады және «Жаннат» жаңа электр станциясы бар. Оның құрылысы 2026 жылы басталады», – деді Марат Ахметжанов.

Оның айтуынша, қосалқы станциялар 9 шағын ауданды (№19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, Балғын, сондай-ақ қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан «Далрус» ЖШС құрылысы ауданы) электрмен тұрақты қамтамасыз етеді.

Бүгінде Ақмола облысында баспанамен бірінші кезекте әлеуметтік осал топ өкілдері, үлескерлер, апатты жағдайдағы үй тұрғындары мен баспана кезегінде тұрған жандар қамтылып жатыр.

«Биыл жалпы 7 мыңнан аса жерлесіміз тұрғын үй жағдайын жақсартты. Оның 2 мыңы – мұқтаж жандар, яғни әлеуметтік тұрғындар осал топ өкілдері. Сонымен қатар үй кезегінде тұрғандар, алданған үлескерлер және апатты жағдайдағы үйлердің тұрғындары бар. Жеке құрылыс компанияларынан «дайын пәтерлерді сатып алу» механизмі әлеуметтік тұрғын үйді тез салуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Биыл 750 пәтер сатып алынды», – деді Марат Ахметжанов.

Әкімнің мәліметінше, биыл реновациялау бағдарламасы аясында 11 көпқабатты үй салынған. Олар ескірген және тозығы жеткен үйлердің орнына

тұрғызылып отыр.

«Қосшы қаласында 543 пәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталды. Оның 110 пәтері алданған үлескерлерге тегін берілді. Ол көп жылғы қордаланған мәселені шешуде маңызды қадам болды. Қалған пәтерлер президенттің дайын тұрғын үйді сатып алу жөніндегі бағдарламасы аясында сатып алынды. Қалған үлескерлер бойынша мәселе кезек-кезеңімен шешіледі. Тұрғын үй саясатын дамытудағы оң динамика келесі жылы да сақталады», – деді өңір басшысы.

Брифингте журналист әкімнен «Жақында Қосшыға табиғи газ берілді, оның сапасы қандай және Қояндыға қашан газ беріледі?» деп сұрады.

«Қосшыға табиғи газ берілді. Бұл – 30 мың адамды қамтитын бірінші кезек. Екінші, үшінші кезек бар. Ол Қосшы қаласына келесі жылы беріледі. Мен тұтынушылардың үйіне кіріп шықтым, қарап отырмын. Сапасы жақсы. Бұрын көмір жағушы еді, қазір үйлері таза. Бағасы тиімді. Осал топтарға көмек көрсетеміз. Қондыру және төлем ережелері жергілікті мәслихаттармен белгіленген», – деп жауап берді Марат Ахметжанов.

Сондай-ақ ол Қоянды ауылына газ тарту бойынша сараптаманы енді алғанын айтты.

«Бүгін сараптаманы алдық, бәрі дайын. Өйткені жобалық-сметалық құжаттаманы өзгерткенбіз. Кейбір жерде суды жердің астынан емес, үстінен жіберіп, ыңғайлы, жақсы жоба болсын деп. Құдай қаласа, Қояндыға газ осы қараша айында келеді», – деді әкім.

Жалпы, Астана маңы елді мекендерін газдандыру жұмысы жақсы жалғасып жатыр. Бұған дейін газбен жабдықтау жүйесіне Аршалы ауданының 17 ауылы (570 шақырым газ құбыры салынып, көгілдір отынмен 44 мың адам қамтамасыз етілген) қосылды. Сондай-ақ биыл 48 мың тұрғыны бар 6 елді мекен (Нұрлы, Аққайың, Шұбары, Қосшы (1-іске қосу кешені), Ы.Алтынсарин, Талапкер) газбен қамтамасыз етілді.

(Жалғасы 2-бетте)

### САУДА, АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ

2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Қосшы қаласының сауда және ауыл шаруашылығы салаларында оң серпін байқалып отыр. Бөлшек сауда көлемі 5,2 млрд теңгеге, ал көтерме сауда айналымы 1,2 млрд теңгеге жетті. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 2 еседен аса өсімге тең көрсеткіш. Мұндай нәтижеге тұтыну сұранысының артуы мен жаңа сауда нысандарының ашылуы ықпал еткен.

Ауыл шаруашылығы саласында жалпы өнім көлемі 272,4 млн теңгені қамтыды. Дегенмен ауа райының қолайсыздығы мен мал басының азаюы өндіріс көлеміне кері әсер еткен. Соған қарамастан, шаруашылықтар мен жеке қожалықтар егін және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді жалғастырып, нарықтағы тұрақтылықты сақтап отыр.

Қала бюджеті бойынша кірістер көлемі 4,26 млрд теңгеге жетіп, жоспар 125 пайыз орындалды. Бұл қала экономикасындағы салық түсімдерінің артуын және тиімді қаржы



саясатын көрсетеді. Алайда республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінетін трансферттердің кешігуіне байланысты бірқатар жоба бойынша қаржы толық игерілмей қалған. Қазір тиісті қаражатты қайта бөлу және игеру мерзімін ұлғайту шаралары қолға алынып отыр. Бұл алдағы уақытта жоспарланған инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалардың толық іске асуына мүмкіндік береді.

## ЖАС ҚАЛАНЫҢ ЖЕТІСТІГІ БАСЫМ

(Басы 1-бетте)

Қосымша тағы 2 ауылға (22 мың тұрғын: Қоянды, Аршалы) газ беріп, келесі жылы басқа 6 елді мекенді (113 мың адам: Қатаркөл, Қызылсуат, Қаражар, Ақбұлақ ауылдары, Қосшы қаласы (2 және 3-іске қосу кешендері), Тайтөбе) көгілдір отынмен қамту жоспарланып отыр.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде биыл табиғи газға қол жеткізетін тұрғындар саны 115 мың адамға (облыс тұрғындарының 15%-ы), ал келесі жылы 226 мың адамға (29%) жетеді. Одан бөлек, 8 ауылға (Жалтыркөл (жаңа шағын аудандар), Бабатай станциясы (жаңа шағын аудандар, Аршалы ауданы), Ақмол, Қабанбай Батыр, Өтеміс, Қызылжар, Нүрсіл, Қажымұқан (Целиноград ауданы) газ беру бойынша жоба әзірленген. Оларды 2027-2028 жылдары іске асыру жоспарланып отыр.

Мемлекеттік қолдау аясында тұрғын үйлерді газдандыру кезінде әлеуметтік осал топтарға әлеуметтік көмек (Аршалы ауданы – 100 АЕК, Целиноград ауданы – 70 АЕК, Қосшы қаласы – 100 АЕК) қарастырылған.

Ақмола облысы Қазақстанның спорт саласында да белсенді өңірлердің бірі ретінде өз беделін нығайта түскен. 2025 жыл өңір үшін жетістіктерге толы рекордтық жыл болды. Жергілікті спортшылар ұлттық және халықаралық аренада шамамен 800 медаль жеңіп алған. Алғаш рет облыс спортшылары Қазақстанның VI Қысқы Спартакиадасында жеңімпаз атанды. Осылайша, өңір басшылығы спортшылардың өсіп-өркендеуін қамтамасыз ететін жүйелі құрылымды қалыптастырып отыр. Зерендіде Қазақстандағы алғашқы Арнайы мемлекеттік қор есебінен салынған спорт мектебі ашылды. Жыл соңына дейін тағы 7 спорт нысанының, оның ішінде Красный Яр кенті, Бестөбе және Қорғалжындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, Макинск қаласындағы жүзу бассейні, Шучьедегі спорт сарайы, облыс орталығындағы көпфункционалды спорт кешендерінің құрылыстары аяқталады. Сонымен қатар жақын жылдары Көкшетауда 10 мың орындық заманауи стадион пайда болады.

«Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі аясында басқа да маңызды спорттық бастамалар іске асырылды. Косшыда Болат Өтемұратов қорының қаражаты есебінен 20 миллион АҚШ долларына көпфункционалды community-орталық салынды. Көкшетауда Қазақстандағы алғашқы «FIFA Arena» спорт стадионы және Қазақстан шахмат федерациясының қолдауымен Шахмат үйі ашылды. Степногорск қаласында «Алтыналмас» компаниясының қатысуымен 12 миллиард теңгеге спорт сарайының құрылысы басталды», – деді Марат Ахметжанов.

Өңірде ауылдық және қалалық елді мекендерді абаттандыруға да ерекше назар аударылып отыр. Мысалы, Қосшы қаласында биыл 614 млн теңге жұмсалған жаңа екі сквердің жұмыстары аяқталып келеді. Оларға көгалдандыру, жарықтандыру, асфальт төсеу және шағын сәулет формаларын орнату жұмыстары жүргізілді.

Облыс әкімі Марат Ахметжановтың мәлімдеуінше, соңғы 3 жылда өңірде шамамен 2,5 мың шақырым жол салынған және жөнделген. Биылдың өзінде 900 шақырым автожолға жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ауылдарда жол жөндеу жұмыстары бұрын-соңды болмаған қарқынмен жүріп жатыр. Бүгінде 60-тан аса ауыл қамтылған. Жаңа жабын тек облыс орталығы – Көкшетауда ғана емес, сонымен қатар Қосшы, Талапкер, Қоянды, Қараөткел, Қаражар, Ыбырай Алтынсарин, Державинск, Зеренді және тағы да ондаған елді мекенде салынды.

«Биыл жол салу және жөндеу жұмыстарына облыс бюджетінен 115 миллиард теңге қарастырылды. Оның 65 миллиарды жергілікті маңызы бар жолдар мен ауылдық көшелерді жөндеуге бағытталған. Алдымен бұрын басталған жобалардың іске асуына ерекше назар аударылды», – деді Марат Ахметжанов.

Жалпы алғанда, одан әрі де әлеуметтік-экономикалық өсім үшін Ақмола облысының әлеуеті мен мүмкіндігі жеткілікті. Өңір басшысының бәрі бір баяндамаға сыймайтынын еске салды.

«Қысқа мерзім ішінде барлық жұмысымызды айтып беру мүмкін емес. Сондықтан мен баяндамадан тыс, сіздердің барлық сұрақтарыңызға барынша нақты жауап беруге дайынмын», – деді Марат Ахметжанов журналистердің алдында.

Осылайша, деректерді «сөйлету» әдеті аз дағанды сұрақ-жауап форматына ауысты.

Еркеғали БЕЙСЕНОВ

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТІРЕК

Бүгінде Қосшы қаласында 4 486 шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Олардың 4 240-ы белсенді түрде жұмыс істейді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 21 пайыздық өсімді көрсетеді.

Қаланың экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында кәсіпкерлікті қолдау шаралары жүйелі түрде жүзеге асып отыр. Соның нәтижесінде биыл бірқатар жаңа кәсіпкерлік нысан іске қосылды. Атап айтқанда, заманауи үлгіде салынған «SF» мейрамханасы мен «Qumuga» банкет залы бар мейрамханасы, сондай-ақ үш жаңа бизнес-орталық қала тұрғындары мен қонақтарының игілігіне берілді.

Бұл нысандар жаңа жұмыс орындарын ашуға, жергілікті бюджет кірісін арттыруға және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып отыр. Алдағы уақытта да кәсіпкерлік саласын дамыту бағытында жаңа жобалар іске асырыла бермек.



## ҚОЛАЙЛЫ ТҮРМЫСҚА ҚАЖЕТТІ ІРІ ЖОБАЛАР

2025 жылы Қосшы мен Тайтөбе елді мекенінде тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған бірқатар инфрақұрылымдық жоба іске асып жатыр.

«Биыл 350 орындық көпсалалы аурухана мен күніне 1 мың адам қабылдайтын емхананың құрылысы жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар қоғамдық-мәдени орталыққа, «Ынтымақ» тұрғын үй кешеніне, өрт депосына және қала көшелеріне апаратын жолдар толық аяқталды. Газдандыру жұмыстары нәтижесінде 79 көшенің 31 мың тұрғыны көгілдір отынға қосылды», – деді экономика және қаржы бөлімінің басшысы Рүстем Мусин.

Оның айтуынша, 94 отбасы «Отбасы банк» арқылы баспанаға ие болған. Сонымен қатар 4 балалар алаңы мен қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнер алаңдары салынды. Ал Тайтөбеде жарықтандыру және жол құрылысы аяқталған.



## ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС, ҚОМАҚТЫ ИНВЕСТИЦИЯ

2025 жылдың алғашқы 9 айында Қосшы қаласында жалпы ауданы 85 235 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 17 пайыз жоғары көрсеткіш. Қаланың құрылыс қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Нәтижесінде Қосшы облыс бойынша тұрғын үй тапсыру көлемі жөнінен 3-орынды иеленіп отыр.

Инвестициялық белсенділік те тұрақты өсім үстінде. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 37,4 млрд теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 10,5 пайыз артқан. Инвестициялардың 90 пайызының тұрғын үй құрылысына бағытталуы бұл саланың қала экономикасындағы жетекші рөлін айқындайды.

Сонымен қатар жеке инвесторлардың үлесі жылдан-жылға артып келеді. Бұл өз кезегінде бизнестің қаладағы құрылыс нарығына деген сенімін арттырып, жаңа тұрғын үй кешендері мен инфрақұрылымдық жобалардың іске асуына мүмкіндік беріп отыр.



## ДЕМОГРАФИЯ: ҚОСШЫ — ӨНІР БОЙЫНША КӨШБАСШЫ

Экономика және қаржы бөлімінің басшысы Рүстем Мусиннің айтуынша, Қосшының қарқынды дамуы тұрақты бақылауда. Қала тіршілігін қамтамасыз етудің барлық бағыты бойынша жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

«Қосшы қаласы демографиялық өсім қарқыны бойынша Ақмола облысында көш бастап тұр. 2025 жылдың басында қала халқы 60 155 адам болса, 1 қыркүйекке қарай 64 419 адамға жетті. Бұл – 7 пайыздық өсім. Табиғи өсім 427 адамды, көші-қон өсімі 3 837 адамды қамтыды», – деді бөлім басшысы.

Оның айтуынша, жоғары көші-қон көрсеткішіне қаланың елордаға жақындығы, инфрақұрылымның дамуы және тұрғын үй жағдайының жақсаруы әсер етіп отыр.



## ҚАРТТАР МЕН МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Қала әкімдігі әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту бөлімі басшысының міндетін атқарушы Әсел Жаншуақова қазан айында өткен қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау айлығының нәтижелерін алға тартты.

«1-31 қазан аралығында Қосшыда әлеуметтік қолдау айлығы өтті. Бұл бастама аға буын мен ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға көмек көрсетуге бағытталған», – деді ол.

Әсел Жаншуақованың айтуынша, айлық аясында 299 қарияға жалпы сомасы 5,8 млн теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілген. Сондай-ақ 57 адам шипажайлық емге жолдама алған.

«Қалада 424 мүгедектігі бар адам тіркелген. Оның 99-ы – балалар. «Күміс жас» жобасы аясында 15 азамат жұмысқа орналасты. Бұдан бөлек, 9 бос жұмыс орны жәрмеңкесі өтіп, оған 260-тан аса тұрғын қатысты», – деді бөлім басшысы.



## ӨНДІРІС ӘЛЕУЕТІ САҚТАЛАДЫ

Қосшыда өнеркәсіп саласы бойынша уақытша төмендеу байқалғанмен, жалпы өндірістік әлеует сақталып отыр. Биыл қалада 10,2 млрд теңгенің өнімдері өндірілді. Өнеркәсіптік өндіріс индексі 65,5 пайызды қамтыды. Көрсеткіштің төмендеуіне негізінен ірі салық төлеушілердің бірі – «Альянстелеком» ЖШС-нің басқа өңірге көшуі әсер еткен.

Дегенмен қала экономикасының өнеркәсіптік қоры мықты. Қазір Қосшыда 6 өнеркәсіптік кәсіпорын тұрақты жұмыс істеп тұр десек, оның ішінде:

- «Алтын Қазық» және «Il tov» кәсіпорындары ет өңдеумен айналысады;
- «Сапа Су» ЖШС бетон және құрылыс материалдарын өндіреді;
- «Sky Express Elevator» компаниясы лифт және көтергіш жабдықтарын шығарады.

Қала әкімдігі алдағы кезеңде өнеркәсіптік аймақты кеңейту, жаңа өндіріс орындарын ашу және инвестициялық жобаларды тарту бағытында кешенді шаралар жүргізуді жоспарлап отыр. Бұл Қосшының өндірістік әлеуетін одан әрі арттырып, экономиканың әртараптануына мүмкіндік береді.

## АМАНАТ арқалаған міндеттерге шолу (20 ҚАЗАН-7 ҚАРАША АРАЛЫҒЫ)

АМАНАТ партиясы Қосшы қалалық филиалының қоғамдық қабылдауында қала әкімі Азамат Қапышев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға АМАНАТ партиясы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Рақымжан Сейдахметов, қала мәслихатының депутаты, қоғамдық кеңес мүшесі және жауапты бөлім басшылары қатысты.

Тұрғындар жол құрылысы, үй кезегі, орталық кәріз жүйесіне қосу, көше шамдарын орнату, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы және кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін көтерді.

Қабылдауға келген әрбір азаматтың өтінішін қала әкімі жігі назарына алды және жауапты басшылар мен мердігер мекеме өкілдеріне нақты тапсырмалар жүктелді.

\*\*\*

DARA бизнес академиясы мектеп-лицейінде АМАНАТ партиясы Ақмола облыстық филиалы Әйелдер қанатының ұйымдастыруымен «Бизнестегі әйел» атты семинар өтті. Іс-шараға АМАНАТ партиясы Ақмола облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары А. Әлімбетова, Ақмола облыстық мәслихатының депутаты А. Төребаев, DARA мектеп-лицейінің және Silk-Road Sorogation жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы С. Матайбаева, психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті психология кафедрасының меңгерушісі Ә. Мамбеталина, ЕҰУ докторанты Б. Ахтаева, сондай-ақ «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілі мен қаладағы кәсіпкер әйелдер және мекеме ұйымдарының өкілдері қатысты. Семинар барысында қатысушылар Әйелдер қанатының негізгі бағыттарымен танысып, әйелдер арасындағы нашақорлық, алкогольизм және құмар ойындарға тәуелділікте жеке өмір мен денсаулыққа әсері, сондай-ақ «Бизнестегі әйел: күш, стратегия және шабыт» тақырыптары талқыланды. Жиын соңында С. Матайбаева қатысушыларды DARA мектеп-лицейінің білім беру саласындағы қызметімен таныстырды.

Іс-шараның мақсаты – әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігін арттыру, қоғамдағы рөлін күшейту және бизнесте табысқа жетудің тиімді жолдарын көрсету.

\*\*\*

Қосшы қаласында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Қосшы стелласы маңында және аллея аумағында тазалық жұмыстары мен тал егу шаралары өткізілді. Шараға Қосшы қаласы

ның әкімі А. Қапышев, Ақмола облыстық мәслихатының депутаты А. Төребаев, қалалық мәслихат депутаттары және партия мүшелері қатысты.

\*\*\*

Қала мәслихатының депутаты А. Данабекқұлы азаматтарды АМАНАТ партиясы Қосшы қалалық филиалының қоғамдық қабылдауында жеке мәселерімен қабылдады.

\*\*\*

Көкшетау қаласында АМАНАТ партиясы Ақмола облыстық филиалының алаңында Республика күніне орай партия қатарына қабылдау және мемлекеттік, партиялық наградаларды табыстау бойынша салтанатты іс-шара өтті. Аталған маңызды шараға Қосшы қаласынан Тайтөбе ауылының әкімі Парасат Досмағанбетов және АМАНАТ партиясы Қосшы қалалық филиалының кеңесшісі Назгүл Нұрмағанбетова қатысып, партия жұмысына сіңірген еңбектері мен белсенділігі үшін АМАНАТ партиясының «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

\*\*\*

«Білім» бастауыш партия ұйымында Республика күні аталып өтті. DARA мектеп-лицейінде АМАНАТ партиясы Қосшы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Р. Сейдахметовтің қатысуымен Республика күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Бұл шара барысында атқарушы хатшы жиынға қатысқан ата-аналарды, ұстаздар мен оқушыларды ұлттық мерекемен құттықтап, белсенді партия мүшелеріне Ақмола облыстық филиалының атынан «Алғыс хаттар» табыстады.

\*\*\*

«АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында партияның облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары А. Әлімбетова және Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, Қосшы қалалық филиалы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы А. Төребаевтың қатысуымен Тайтөбе ауылында су құбыры желілерін қайта жаңарту жұмыстарына партиялық мониторинг жүргізілді.

Су құбыры желілерін қайта құру жұмыстарын мердігер ұйым «Көкшетау-гидрогеология» ЖШС іске асырып отыр. Жобаның жалпы құны – 1 475,4 млн теңге. Құрылыс жұмыстары 2024 жылдың қараша айында басталған. Бүгінде нысанның дайындық деңгейі 97%-ды қамтиды.

Қазір ауыл ішіндегі құдықтарға фансонды бөліктер орнату, диаметрі 20 мм

абоненттік құбырларды төсеу жұмыстары аяқталып қалды. Сонымен қатар құбыр желілерін сығымдау, сорғы және насос станциясы аумағын абаттандыру, электрмен жабдықтау тіректерін орнату және трансформаторды монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жобаны толық аяқтау мерзімі – 2025 жылдың IV тоқсаны.

Сондай-ақ Тайтөбе ауылында газдандыру жұмыстары да Жол картасы аясында іске асырылып келеді. 2022 жылы газ тарту желілерінің құрылысы бойынша жоба әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынған. Жобаның жалпы құны – 1,8 млрд теңге, ал газ Қосшы қаласынан тартылып жатыр.

2024 жылдың қыркүйек айында конкурстың қорытындысы бойынша мердігер ұйым ретінде «Газовое хозяйство Шымкентгаз» ЖШС анықталып, жұмысын бастаған. Техникалық қадағалауды «Астанастройинжиниринг» ЖШС, ал авторлық қадағалауды «Жамбылгаз» ЖШС жүргізіп отыр.

Қазір Тайтөбе ауылында ішкі кварталдық газ желілерін тарту жұмыстары жүріп жатыр. Төмен қысымды желілердің ұзындығы – 15,4, ал орта қысымды желілердің ұзындығы – 2,8 шақырым. Аталған жоба Астана агломерациясының кешенді жоспарына енгізілген.

\*\*\*

АМАНАТ партиясы Қосшы қалалық филиалының қоғамдық қабылдауында қала әкімінің орынбасары Б. Жұмкейұлы азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдады. Қабылдауға келген мүмкіндігі шектеулі қала тұрғыны тұрғын үй алу, мүгедектік арбаны ауыстыру және жөндеу, коммуналдық төлемдер бойынша жеңілдіктер, инвентар қызметі мен азық-түлік түрінде көмек алу мәселелерін көтерді.

\*\*\*

АМАНАТ партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған жаңа бейімделу нысанына партия филиалының өкілдері жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандарымен бірлесіп мониторинг жүргізді. Мониторинг барысында №3 мектеп-лицейінде ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін барлық қажетті жағдайлардың толық жасалғаны анықталды.

Тікелей эфирде қала тұрғыны депутаты А. Данабекқұлының азаматтарды қабылдауында мәдениет үйі маңындағы көлік қозғалысының көптігіне байланысты бағдарламаны орнату туралы ұсыныс түсті. Ал депутат Б. Абдрахманов Тай-



басында қала тұрғынынан өтініш түскен. Өтініште тұрғындар «Лесная Поляна» тұрғын алабы №42 үйінің шатырын жөндеуге көмек сұраған. Облыс депутатының тікелей қатысуымен тұрғындардың мәселесі оң шешімін тапты.

\*\*\*

Қосшы қаласында АМАНАТ партиясының қоғамдық қабылдауын партия филиалының атқарушы хатшысы Р. Сейдахметов жүргізді. Шараға қалалық зейнетақы төлеу орталығының меңгерушісі де қатысты. Қоғамдық қабылдау барысында қала тұрғыны зейнетақы төлемі, ұлын жұмысқа орналастыру және тіркеу мәселелері бойынша өз сұрақтарын қойды. Барлық өтініш мұқият тыңдалып, қолданыстағы заңнама аясында тиісті түсіндірмелер мен кеңестер берілді.

\*\*\*

Биылғы қазан айында қала мәслихатының депутаты Д. Көкімжанов Р. Қошқарбаев атындағы №1 мектепте жасаған қабылдау барысында білім ордасының 1964 жылы салынғанын, ал ескі қазандық құбырының білім беру мекемесі үшін үшін қауіпті екенін айтып, оны алып тастау қажеттігі мәселесін көтерді.

«Орион» тұрғын үй кешенінің тұрғындарымен кездесу кезінде жарықтандыру мен көше қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жасаңды жол кедергілерін орнату мәселесі талқыланды.

Сондай-ақ қала мәслихатының депутаты А. Данабекқұлының азаматтарды қабылдауында мәдениет үйі маңындағы көлік қозғалысының көптігіне байланысты бағдарламаны орнату туралы ұсыныс түсті. Ал депутат Б. Абдрахманов Тай-

төбе ауылында азаматтарды қабылдау барысында тұрғындардың ұлттық ойын – көкпар өткізуге қолдау көрсету жөніндегі өтінішін тыңдады. Сонымен қатар партия филиалының қоғамдық қабылдауына Ақан Сері көшесінің тұрғыны жолды жөндеуге көмек сұрап жүгінді.

Барлық өтініш бойынша депутаттар қала әкімдігі өкілдерімен бірлесіп, мәселенің нақты шешу жолдарын қарастырды. Нәтижесінде:

- Р. Қошқарбаев атындағы №1 мектептің ескі қазандық құбыры алынды;
- Алтын Қазық көшесіне жасанды жол кедергілері орнатылды;
- №1 мектеп маңындағы аллеяны жарықтандыру жұмысы жүргізілді;
- Мәдениет үйі маңына бағдарламаны орнатылды;
- Тайтөбе ауылында көкпар өткізілді;
- Ақан Сері көшесінің жолын жөндеуге көмек көрсетілді.

Атқарылған бұл жұмыстар тұрғындардың өмір сапасын арттыруға және қаладағы қауіпсіздік деңгейін жақсартуға бағытталған.

\*\*\*

«Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында Тайтөбе ауылының орта мектебінде «Сенім» бастауыш партия ұйымының төрайымы Г. Алиеваның қатысуымен этнограф, саяхатшы, ғалым, зерттеуші Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толуына орай, «Шоқттығы биік Шоқан» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

\*\*\*

13 үміткердің жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алу жөніндегі өтініші партияның комиссия отырысында қаралды.

## «ЖАС ҰРПАҚ» — ТАЙТӨБЕ ЖАСТАРЫНЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Қазіргі қоғамда жасөспірімдер тәрбиесі – мемлекет болашағының берік іргетасы. Оларды Отанды сүйе, ізгілікке, заңды сыйлауға және өз құқығын қорғауға баулу – мектеп пен қоғамның басты міндеттерінің бірі. Осы орайда елімізде «Жас ұрпақ» сияқты қоғамдық ұйымдардың рөлі айрықша. Бұл бірлестік – балаларды жан-жақты тәрбиелеу, олардың белсенді азамат болып өсуіне жағдай жасау бағытында жұмыс істейтін ұйым.



«Жас ұрпақ» қоғамдық балалар бірлестігінің мақсаты – жасөспірімдер арасында патриоттық сезімді нығайту, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру, сондай-ақ олардың құқықтық сауатын арттыру.

Тайтөбе ауылының оқушылары да бұл ұйымның белсенді мүшесі ретінде түрлі бағыттағы іс-шараларға атсалысып жүр. Ауылдағы мектеп оқушылары құқықтық сауатты арттыру мақсатында дебаттар, пікірталас сабақтары, «Менің құқығым

– менің қорғаным» атты тренингтерге қатысып, өз құқығы жөнінде жан-жақты білім алып отыр. Жалпы бүгінде бұл ұйымда 10 оқушы жұмыс істейді. Нақтырақ айтсақ, олар – 7 «Б» сынып оқушысы Тоғжан Қалқаман, 7 «В» сынып оқушысы

Қарақат Бахтияр, 8 «А» сынып оқушысы Мәдіхан Әділхан, 8 «Б» сынып оқушысы Мейрамбек Жанат, 9 «А» сынып оқушысы Ансар Өсербай, 9 «Ә» сынып оқушысы Бауыржан Ерболұлы, 10 «А» сынып оқушысы Бақдаулет Өмірзақ, 10 «Б» сынып оқушысы Мажит Ерғазы, 11 «А» сынып оқушысы Ғибрат Кәтжан және 11 «Ә» сынып оқушысы Айгерім Сабыр.

Қазір осы оқушылармен мынадай негізгі бағыттар бойынша жұмыс істеп жатырмыз:

- патриоттық тәрбие: мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, тарихи тұлғаларды тану, елін, жерін сүйе тәрбиелеу;
- құқықтық білім беру: балаларды заңға баулу, олардың құқығы мен міндеттері туралы ақпарат беру, құқықбұзушылықтың алдын алу;
- буллингтің алдын алу: мектеп ішіндегі кемсітушілік пен қорлауға қарсы күресу, психологиялық қолдау көрсету;
- шығармашылық пен спорт: әр оқушының дарынын дамытуға арналған үйірмелер, байқаулар мен спорттық шаралар ұйымдастыру.

Сондай-ақ ұйым балаларға мынадай құқықтық білімдерді үйретуге ерекше мән береді:

- ҚР Конституциясы мен Бала құқығы туралы конвенция негізінде әр баланың құқығы мен бостандығын түсіндіру;

- заң бұзушылықтың қандай салдары болатынын ашық айту;

- қиын жағдайда кімге жүгіну керектігін үйрету (мысалы, мектеп психологы, құқық қорғау органдары, сенім телефондары);

- жеке шекара мен қауіпсіздік ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыру.

Келесі оқу жылына қарай Тайтөбе мектебі ұйым қатарын кеңейтуді, қатарға одан да көп оқушыларды тартуды көздеп отыр. Ұйым жетекшілері бұл арқылы болашақта елінің тыныштығын қорғайтын тәртіп сақшылары мен құқық қорғау саласының мамандарын тәрбиелеуді мақсат етеді. Оқушылардың бойында құқықтық мәдениет пен әділеттілік сезімінің қалыптасуы – олардың келешекте заңды құрметтейтін азамат болуына негіз қалайды. Тайтөбе ауылындағы оқушылардың бұл ұйым аясында белсенді жұмыс атқаруы – ауыл жастарының жауапкершілігі мен белсенділігінің айғағы. Келесі жылы ұйым қатары кеңейіп, одан да көп болашақ құқық қорғау саласы мамандарының қалыптасуына жол ашсақ. Бұл ұйым – ертеңгі ел тірегін тәрбиелеудің сенімді алаңы.

Назерке БЕКЕТАНОВА,  
Тайтөбе ауылының ЖОББМ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
тәлімгер

«Mitra Group Trade» ЖШС, БСН 231040040701 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қорғалжын шоссе, 19Т үй, 305 кеңсе тел.: 8 701 716 35 63

ТОО «Mitra Group Trade» БИН 231040040701 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Нұра, шоссе Қорғалжын, д.19Т, офис 305. тел.: 8 701 716 35 63

«WHITMORE KAZAKHSTAN» ЖШС, БСН 240840030920 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл аймағы, Тараз қаласы, Ерденбек Ниеткалиев көшесі, 11 ғиарат. тел.8 702 940 06 30

ТОО «WHITMORE KAZAKHSTAN», БИН 240840030920 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., г.Тараз, ул.Ерденбека Ниеткалиева, здание 11.тел.: 8 702 940 06 30

«Транс Аст» ЖШС, БСН 251040020423 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Жүмеке Нәжімеденов көшесі, 28 үй, 46 пәтер тел.:8 701 533 90 60

ТОО «ТрансАст» БИН 251040020423 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарайшық, ул.Жүмеке Нәжімеденов, д.28, кв.46 Қорғалжын, д.19Т, офис 305. тел.: 8 701 533 90 60

«Mobiprint» ЖШС, БСН 181040032799 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 14 үй, 469 пәтер. тел.8 771 995 81 81

ТОО «Mobiprint», БИН 181040032799 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, пр.Бауыржан Момышұлы, д.14, кв.469. тел.: 8 771 995 81 81

«ADN-Group 25» ЖШС, БСН 250540004605 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жәнібек Тархан көшесі, 9 үй, 289 пәтер. тел.: 8 775 551 63 93

ТОО «ADN-Group 25», БИН 250540004605 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Байқоңыр, ул.Жәнібек Тархана, д.9, кв.(офис) 289. тел.: 8 775 551 63 93

«Аиша SN» ЖШС, БСН 151140017169 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Калибек Қуанышбаев көшесі, 11/3 үй. тел.: 8 775 205 80 86

ТОО «Аиша SN», БИН 151140017169 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Сарайшық ул.Калибек Қуанышбаев, д.11/3. тел.: 8 775 205 80 86

«Casa del chef» ЖШС, БСН 240140024534 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Юг-Восток тұрғын ауданы (оң жағы), Айнакөл көшесі, 159 үй. тел.: 8 705 644 70 95

«Байбол 05» ЖШС, БСН 241140000 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл аймағы, Тараз қаласы, 2 Элеваторная көшесі, 4 үй. тел.8 702 940 06 30

ТОО «Байбол 05», БИН 241140000183 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., г.Тараз, ул.2 Элеваторная, д.4. тел.: 8 702 940 06 30

«ЦЕНТР ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПОМОЩИ RUKH» ЖШС, БСН 250740032717 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы аймағы, Қарасай ауданы, Шамалған ауыл округы, Шамалған ауылы, Алатау көшесі, 11 үй. тел.: 8 775 771 77 81

ТОО «ЦЕНТР ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПОМОЩИ», БИН 250740032717 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматинская обл., Шамалғанский сельский округ, с.Шамалған, ул.Алатау, д.11. тел.: 8 775 771 77 81

«Ибраим 121» ЖШС, БСН 220840054499 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл аймағы, Байзақ ауданы, Костобе ауылдық округы, Костобе ауылы, Аулие Ата жолағы, 1 үй. тел.8 702 940 06 30

ТОО «Ибраим 121», БИН 220840054499 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., Байзақский район, Костобинский сельский округ, с.Костобе, переулок Аулие ата, д.1. тел.: 8 702 940 06 30

«Diamond Азалия» ЖШС, БСН 231240026179 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл аймағы, Тараз қаласы, Салтанат шағын ауданы, 24 үй, 38 пәтер. тел.8 702 940 06 30

ТОО «Diamond Азалия», БИН 231240026179 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., г.Тараз, микрорайон Салтанат, д.24, кв.38. тел.: 8 702 940 06 30

«РЕБИЛД КОНЦЕПТ» ЖШС, БСН 200840003649 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есиль ауданы, Сығанақ көшесі, 17Е үй, 48 пәтер. тел.: 8 702 888 10 46

ТОО «РЕБИЛД КОНЦЕПТ», БИН 200840003649 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, ул.Сығанақ, д.17Е, кв.48. тел.: 8 702 888 10 46

«Тереза» ЖШС, БСН 130340025206 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ықлас Дүкенұлы көшесі, 36 үй. тел.8 775 205 80 86

ТОО «Тереза», БИН 130340025206 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Сарыарқа, ул.Ықлас Дүкенұлы, д.36. тел.: 8-775-205-80-86

ТОО «Casa del chef», БИН 240140024534 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Алматы, жилой массив Юго-Восток (правая сторона), ул.Айнакөл, д.159 тел.: 8 705 644 70 95

«Торговый Дом МАК-Групп» ЖШС, БСН 090340001728 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 38 ғимарат тел.: 8 702 108 88 64

ТОО «Торговый Дом МАК Групп», БИН 090340001728 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байқоңыр, пр. Тәуелсіздік, здание 38. тел.: 8 702 108 88 64

«АЗИМУТ 3» ЖШС, БСН 230340042588 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл аймағы, Байзақ ауданы, Коптерек ауылдық округы, Кенес ауылы, О.Бакторазов көшесі, 3 үй. тел.8 702 940 06 30

ТОО «АЗИМУТ 3», БИН 230340042588 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., Байзақский район, Коптерекский сельский округ, с.Кенес, ул.О.Бакторазов, д.3. тел.: 8 702 940 06 30

«Магнит 121» ЖШС, БСН 230940029929 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл аймағы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылдық округы, Сарыкемер ауылы, Төлеби көшесі, 32 үй. тел.8 702 940 06 30

ТОО «Магнит 121», БИН 230940029929 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., Байзақский район, Сарыкемерский сельский округ, с.Сарыкемер, ул.Төлеби д.32. тел.: 8 702 940 06 30

«КомекТехноПроджект», ЖШС, БСН 191140028548 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Шәкірім Құдайбердіұлы даңғылы, д.23 үй, 219 пәтер тел.8 701 705 58 18

ТОО «КомекТехноПроджект», БИН 191140028548 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, проспект Шәкірім Құдайбердіұлы, д.23 кв.219 тел.: 8 701 705 58 18

«Salemet Nursultan» ЖШС, БСН 210340026314 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есиль ауданы, Жошы хан көшесі, 1 үй, н.п 6 тел.: 8 747 344 18 42

ТОО «Salemet Nursultan», БИН 210340026314 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, ул.Жошы хан, д.1, н.п 6. тел.: 8 747 344 18 42

«AS-pharma ЖШС, БСН 210440020120 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Ұлы Дала даңғылы, 69 үй. тел.: 8 775 205 90 85

ТОО «AS-pharma», БИН 210440020120 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Нұра, проспект Ұлы Дала, д.69. тел.: 8 775 205 90 85

«KazInAstana» ЖШС, БСН 230240046389 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола аймағы, Целиноград ауданы, Қараоткель ауыл округы, Қараоткель ауылы, Кенесары Ханым көшесі, 35 үй. тел.: 8 702 773 87 32

«Asyl jurek-Aq niet» Қоғамдық қоры, БСН 230440001435 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, д.11/1 үй, 362 пәтер тел.8 705 444 47 70

Общественный фонд «Asyl jurek-Aq niet», БИН 230440001435 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул.Әлихан Бөкейхан, д.11/1, кв.362 тел.: 8 705 444 47 60

«АЛИРА 21» ЖШС, БСН 230940030398 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл аймағы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Кулан ауылдық округы, Кулан ауылы, Амангелды көшесі, 36 үй. тел.8 702 940 06 30

ТОО «АЛИРА 21», БИН 230940030398 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., район Тұрар Рысқұлова, Куланский сельский округ, с.Кулан, ул.Амангелды д.36. тел.: 8 702 940 06 30

«ШахСтрой 2021» ЖШС, БСН 210140001578 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл аймағы, Тараз қаласы, Әулиеата ауданы, Генерала Рахимова көшесі, 47 үй, 16 пәтер. тел.8 702 940 06 30

ТОО «ШахСтрой 2021», БИН 210140001578 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., г.Тараз, р-н Әулиеата, ул.Генерала Рахимова, д.47, кв.16. тел.: 8 702 940 06 30

«AST ORDA» ЖШС, БСН 151240000683 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Атамұра көшесі, 11 үй, 2 кеңсе. тел.: 8 778 847 33 22

ТОО «AST ORDA», БИН 151240000683 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, ул.Атамұра, д.11, офис 2. тел.: 8 778 847 33 22

«АХХИС» ЖШС, БСН 21074000434378 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Айтиева көшесі, 40 үй, 17 пәтер тел.: 8 747 714 37 10

ТОО «АХХИС», БИН 210740004378 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Алмалинский район, ул.Айтиева, д.40, кв. 17. тел.: 8 747 714 37 10

«KAST ENERGY» ЖШС, БСН 180740034557 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есиль ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 24 үй, 40 пәтер. тел.: 8 777 881 25 27

ТОО «KAST ENERGY», БИН 180740034557 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Есиль, проспект Мангилик Ел, д.24, кв.40. тел.: 8 777 881 25 27

ТОО «KazInAstana», БИН 230240046389 сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Ақмолинская область, Целиноградский р-н, Қараоткельский сельский округ, с.Қараоткель, ул.Кенесары Хана, д.35. тел.: 8 702 773 87 32



## САЙЛАУ – ҚОҒАМНЫҢ БОЛАШАҚТЫ ТАҢДАУ ТЕТІГІ

Әр адамның өміріне қатысты шешімдер әртүрлі деңгейде қабылданатын бүгінгі қоғамда маңызды нәрсені ұмытпаған жөн. Бәрі қарапайым қадамның таңдау жасауынан басталады. Біз – азаматтар, билік қалыптастыру процесінде тек бақылаушылар ғана емес, тарихтың ағымын өзгерте алатын қатысушылармыз. ҚР Конституциясында әр азаматқа елдің болашағына ықпал ету құқығы кепілдендірілгенмен, әрбір сайлау науқаны осы құқығын іске асыруға мүмкіндік береді. Қосшы, өзге аймақтар секілді, халықтың белсенділігі қала мен елдің дамуына қандай әсер беретінін айқын көрсетеді.

### ЖАЛПЫ АНЫҚТАМА

1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы негізгі принципті бекітті: азаматтар еркін сайлау арқылы мемлекетті басқаруға қатыса алады. Халық – жалғыз билік көзі, ал мемлекеттік органдар қоғам мүддесіне қызмет етеді. Қазақстан – президенттік басқару формасымен унитарлы мемлекет. Мұнда орталықтан-дырылған басқару мен азаматтардың басқару процесіне ықпал ету мүмкіндігі үйлеседі. Бір қарағанда, шешімдер жоғарыдан қабылданатындай көрінуі мүмкін. Алайда халықтың белсенділігі елдің даму бағытын өзгертуге жеткілікті. Енді маңызды сұрақ туады: әр адамның дауысы елдің болашағына әсер ете алатын құралға қалай айналады?

Конституцияның 33-бабында әр азаматқа сайлау, мемлекеттік және жергілікті органдарға сайлану, сондай-ақ республикалық референдумдарға қатысу құқығы беріледі. Қоғамның барлық ересек мүшесі, жынысы, ұлты, тілі, діні немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан, осы құқықтарға ие. Тек заң бұзғандар немесе сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылғандар ғана аталған мүмкіндіктерден шеттетіледі. Қарапайым көрінгенмен, дәл осы мүмкіндіктерді пайдалану әрбір азаматты ел тағдырын қалыптастыруға қатыстын белсенді тұлғаға айналдырады. Ең маңызды сұрақ: азаматтар өз дауысының маңызын түсіне ме?

Сайлау процесі ашық өтеді және халықаралық стандарттарға сәйкес ұйымдастырылады. 1948 жылғы Адам құқықтары жөніндегі Декларация, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, 1990 жылғы Копенгаген құжатындағы нормалар қатысуды декларативті құқықтан ел дамуына ықпал ететін шынайы құрал деңгейіне көтереді. Осы жерде азаматтардың нақты күші байқалады: әрбір дауыс елдің болашағын қалыптастыруға әсер етеді.

Қосшы қаласының тұрғындары үшін сайлауға қатысу – тек қалалық мәселелерді шешуге ғана емес, бүкіл елдің тағдырына ықпал етуге арналған мүм-

кіндік. Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық заңы кандидаттарды тіркеуден бастап, сайлау учаскелерін ұйымдастыру мен дауыстарды санауға дейінгі барлық кезеңді реттейді. Осы заң әрбір азаматтың билік қалыптастыру процесіне тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз етеді. Көп жағдайда елеусіз көрінетін бір дауыс өзге дауыстармен қосылғанда, шешуші рөл атқарады.

Сайлауға белсенді қатысу ел дамуына әсер етудің жолын қалыптастырады. Әр азамат сырттан бақылаушы емес, оқиғалардың ағымын өзгертетін белсенді тұлғаға айналады. Демократияның шынайы күші дәл осы жерден көрінеді: әрбір дауыс елде өзгеріс енгізуге ықпал етеді. Ендеше, әр азамат өз таңдауын жасауға дайын ба?

### ӘР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті 7 жыл мерзімге сайланады. Президенттікке үміткер Қазақстанда туған, 40 жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, соңғы 15 жыл ел аумағында тұрған, жоғары білімі бар және кемінде 5 жыл мемлекеттік немесе сайланбалы қызметте тәжірибесі болуы қажет. Осындай талаптар көшбасшылыққа үміткер тұлғалардың біліктілігіне сенім ұялатады.

Аймақ тұрғындары үшін Президент сайлауы айрықша мәнге ие. Елдің даму бағытын айқындайтын Президент әлеуметтік бағдарламалар, экономикалық жобалар мен инфрақұрылымдық бастамаларды белгілейді. Әрбір дауыс ұлттық саясатқа ғана емес, Қосшы сияқты аймақтардың тағдырына да өз ықпалын тигізеді. Жол жөндеу, білім беру мекемелерін салу секілді мәселелер осыған тәуелді. Қосшы қаласының тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама қатысушылардың көпшілігі сайлауды әлеуметтік және экономикалық процестерге әсер ететін маңызды мүмкіндік деп санайтынын көрсетті.

«Әр дауыс – маңызды, – дейді жергілікті тұрғын. – Депутаттар мен әкімдерді таңдағанда, қалада қандай жобалар іске асатынын анықтаймыз».

Президент Конституцияның сақталуын қамтамасыз етіп, билік тармақтарының жұмысын үйлестіреді, халықаралық саясатты қалыптастырады. Қосшы халқы үшін Президенттің бастамалары елдегі өмір сапасын жақсартуға бағытталған бағдарлама ретінде қабылданады. Сондықтан Президент сайлауына қатысу – тек құқық емес, туған қаланың болашағына әсер ететін мүмкіндік.

### ЕКІ ПАЛАТА – БІР МАҚСАТ

Парламент – халықтың еркін білдіретін жоғары өкілді орган. Сенат пен Мәжілістен тұратын қоспалаталы құрылым тұрақты жұмыс істейді, заңдар қабылдайды, мемлекеттік органдарды құрады және олардың қызметін қадағалайды. Осы жерде қоғамдық идеялар нақты нормаларға айналады.

Сенат депутаты болу үшін азамат 30 жасқа толған, жоғары білімді, кемінде 5 жыл мемлекеттік немесе сайланбалы қызметте тәжірибесі бар және тиісті аймақта кемі 3 жыл тұрған болуы қажет. Мәжіліс депутаттығына қойылатын талаптар одан сәл жеңілірек: 25 жас және ел аумағында 10 жыл тұрақты тұруы жеткілікті.

Парламент тек заң шығарумен шектелмей, мемлекеттік бюджетті қалыптастыруға және әлеуметтік-экономикалық басымдықтарды айқындауға да қатысады. Қосшы қаласының тұрғындары үшін депутаттарды сайлау – инфрақұрылым, абаттандыру, әлеуметтік қолдау, жұмыс орындарын ашу секілді күнделікті мәселелерге әсер ету мүмкіндігі. Жергілікті халық депутаттардан нақты өзгеріс күтеді.

«Депутатты таңдағанда, ауданда жолдардың жөнделетініне, коммуналдық қызметтердің жақсаратынына үміт артамыз», – дейді қосшылықтар.

### КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРГЕ ӘСЕРІ

Мәслихат депутаттары 5 жылға сайланып, жергілікті қауымдастықтың мүддесін қорғайды. Елорда мен республикалық маңызы бар қалаларда ара-



лас жүйе қолданылады: депутаттардың жартысы партиялық тізіммен, қалғандары бірмандаттық округтер арқылы сайланады. Аудандық және облыстық маңызы бар қалаларда тек бірмандаттық жүйе қолданылады. Осылайша, өкілдер мен сайлаушылар арасында тығыз байланыс қалыптасады.

Мәслихат депутаттары коммуналдық қызметтердің жұмысын бақылап, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысады, жергілікті шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді. Қосшы қаласында белсенді депутаттар тұрғындардың ұсыныстары негізінде қалаға қажетті бастамаларды алға жылжытады. Халықтың нақты сұраныстарын ескеріп қабылданған шешімдер сенім атмосферасын нығайтады.

Қосшының көптеген тұрғыны мәслихат деңгейін азаматтардың дауысы айқын естілетін билік тармағы ретінде бағалайды. Тұрғындар өз депутаттарына инфрақұрылым мен ауданның дамуына байланысты ұсыныстармен жүгініп, нәтижені нақты шешімдерден көріп жүр. Осындай диалог халықтың сайлауға деген сенімін күшейтеді.

### ҚАРАПАЙЫМ ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫ

Сайлаушылар тұрғылықты мекенжайы бойынша тізімге енгізіледі. Егер белгілі себептерге байланысты сайлау учаскесіне өз аймағында келе алмаса,

басқа учаскеде дауыс беру үшін өтініш жасауға мүмкіндік бар. Жұмыс, оқу немесе басқа жағдайлар себеп болып, сайлау күні үйде болмасаңыз, жеке куәлікті алып, кез келген ыңғайлы жерде дауыс бере аласыз.

Осындай тәсіл әр азаматқа пікірін білдіру мүмкіндігін сыйлайды. Қосшы қаласының тұрғындары осы мүмкіндікті жиі атап өтеді.

«Тіркеген жерімде болсам да дауыс бере аламын», – дейді тұрғындардың бірі.

Аймақтағы сайлау учаскелері мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қажеттіліктерін ескере отырып жабдықталған. Пандустар, тактильді бағыттағыштар, арнайы кабиналар, Брайль әліпбиіндегі ақпараттық стендтер орнатылған. Есту және көру қабілеті төмен азаматтарға арналған компьютерлер мен құлаққаптар да қарастырылған.

Ал учаскеге келе алмайтындар үшін Қосшы қаласы бойынша үйде дауыс беру ұйымдастырылады. Қарттар, науқастар және мүмкіндігі шектеулі адамдар осы тәсіл арқылы өз таңдауын жасай алады. Сайлауға қатысу – тек құқық емес, қаланың дамуына ықпал ететін жауапкершілік.

«Сайлауға барарда біз адамдарды ғана емес, қаланың болашағын да таңдаймыз», - дейді Қосшы қаласының тұрғындары.

Әрбір дауыс қала өмірін өзгертетін шешімдерге ықпал етеді.

## Баланың сөйлеу тілін үй жағдайында креативті жаттығулар арқылы дамыту

Қазір балаларда тілдің кешеуілдеуі көп кездеседі. Осы бағытта Қосшы қаласының №20 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің (ППТК) логопед мамандары Жанар Қайырбекқызы және Зоя Ғаниқызы ата-аналар мен педагогтерге арналған практикалық кеңес өткізді.



Бұл шараның негізгі мақсаты үй жағдайында «артикуляциялық жаттығулар», «дұрыс тыныс алу» және «сөйлеуді қолжетімді әдіс-тәсілдермен іске қосу» бағыттарында қарапайым әрі тиімді түзету және жетілдіру әдістерін көрсету болды. Жүйелілік пен баланың көңіл-күйін бақылап отыру маңызды. Әрбір жаттығу ойын түрінде өтуге тиіс. Өйткені ойын арқылы бала еркін қозғалып, эмоция көрсетіп, тапсырмаларды ықыласпен орындайды.

Артикуляциялық жаттығулар – сөйлеуге қатысатын мүшелердің (тіл,

ерін, жақ) қозғалысын дамытып, дыбыстарды анық айтуға үйрететін жаттығулар жүйесі. Мұндай жаттығулар сөйлеудің моторикасын жақсартып қана қоймай, баланың назарын шоғырландыруға, есту-көру үйлесімін дамытуға және өзіне деген сенімділікті арттыруға көмектеседі.

Практикалық кеңес барысында ерінге, тілге, жаққа арналған жаттығулар және Стрельникова әдісі бойынша тыныс алу жаттығуларын үй жағдайында қалай дұрыс жасау керектігі түсіндіріліп, практикада көрсетілді.

Логопед мамандардың айтуынша,

артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жүйелі түрде орындау арқылы сөйлеуді іске қосуда және дыбыстарды дұрыс айтуда нақты нәтиже көруге болады. Маңыздысы – ата-ананың сабырлы болуы, баламен тіл табысып, жаттығуды ойын түрінде өткізу.

Кеңес беру соңында ата-аналар жылы лебіздерін білдіріп, құнды материалдарды үй жағдайында қолданатындарын айтып тарқасты.

Айгерім ЖАНАТҚЫЗЫ,  
мұғалім-дефектолог

## ЖОЛДАУ — ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» деген тақырыппен Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Бұл құжат еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріндегі маңызды бағыттарға жаңа серпін беруді мақсат етеді.

Жолдауда атап көрсетілген міндеттер арасында мемлекеттік басқаруды жетілдіру, цифрлық трансформацияны жеделдету, азаматтардың әл-ауқатын арттыру, білім мен ғылымды дамыту секілді басым бағыттар бар. Міне, осы міндеттерді іске асыруда кітапхана саласының рөлі де ерекше екенін байқаймыз.

Біріншіден, кітапхана ақпараттық-білім беру орталығы ретінде оқырмандарға жаңа білім мен технологияларға қолжетімділік береді. Мысалы, 2025 жылы «Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және архив ісі» бағдарламасы бойынша грант саны 2 есе өсті. Бұл – білім мен мәдениетті жаңғырту жолындағы нақты қадам.

Екіншіден, Жолдауда техника-қолданбалы бағытқа көшу, инновацияны дамыту, цифрлық құзыреттерді арттыру сияқты білім мен кадр мәселелері басты назарда болған-ды. Осы тұрғыда кітапханаларға жаңа технологиялар енгізу, электронды ресурстарды көбейту, Virtual кітап көрмелерін өткізу сияқты іс-шаралар маңызды болып отыр. Мектеп кітапханалары 2022-2023 оқу

жылына арналған жұмыс жоспарында «Web сайты жаңарту», «виртуалды кітап көрмесі» сынды бағыттарды қамтыған.

Үшіншіден, Жолдауда көрсетілген «Әділетті мемлекет, азаматтардың тең мүмкіндіктері» деген идея кітапхана қызметінің қолжетімділігімен тығыз байланысты. Яғни, кітапханалар арқылы әрбір адамға ақпаратқа теңдей қолжетімділік туғызылып, оқу-білім алу мүмкіндігі біркелкі болуға тиіс.

Қорыта айтқанда, «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауды негізге ала отырып, кітапхана саласы – еліміздің рухани жаңғыруы, білім мен ақпараттық кеңістікті дамытуда маңызды ресурс. Кітапханалар оқырманды заман талабына сай дайындау, цифрлық әлемге бейімдеу, мәдени құндылықтарды сақтап, ұлт-аралық диалогты нығайту үшін зор мүмкіндік береді.

Айдана ЖҰМАБАЙ,  
Қосшы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің кітапханашысы

# ДОСТЫҒЫМЫЗДЫ САҚТАЙ БІЛГЕН ЕЛМІЗ

Қазір Қазақстанның бейбітсүйгіштік позициясы, әлемді ынтымақтастыққа жиі шақырған бастамалары және дінаралық татулыққа үндеуі алпауыт мемлекет басшылары санасатын деңгейде. Осы ұстаныммен жаһандық саясат сахнасынан дүниені дүрмекке айналдырған басқыншылық, лаңкестік әрекеттерді қатаң айыптайтын өзіндік үніміз батыл шыға бастады. Соның бір айғағы ретінде халықаралық жиындар мен үлкен форумдардың еліміздің тікелей бастамасымен ұйымдастырылып жатқанын алға тартуға болады.

Әрине, әлемдегі бейбітшілікті сақтауға бағытталған саяси ірі қадамымыз ретінде алдымен өз еркімен ядролық қарудан бас тартып, Семей полигонын жапқанымызды айрықша айта аламыз.

Екіншіден, Сирия дағдарысы бойынша басты келіссөздердің Астанада жүргізілгені де зор жетістік.

Үшіншіден, президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері Парламенттік ассамблеясына мүше елдер парламенттерінің спикерлерімен кездесуінде Көктүріктер ұрпағының бірлігін ептеп нығайта беру керектігін әдемі жеткізді.

«Қазір Парламенттік Ассамблея аясындағы бірлескен күш-жігеріміздің арқасында түркі ынтымақтастығы жылдан жылға нығайып келе жатыр. Бұл – өте жақсы үдеріс. Себебі тұтас түркі жұртының халықаралық беделі мен ықпалы да арта түсті. Бастысы, елдеріміздің арасында өзара жақындасуға деген талпыныс бар. Қазақстан алдағы

уақытта да түбі бір түркі халықтарының жан-жақты ынтымақтастығын дамыта беруге мүдделі», - деді сонда мемлекет басшысы.

«Жақсы сөз – жарым ырыс». Сақтан қалған салты мен Ғұннан қалған ғұрпын сақтап келген бауырлас елдердің бірлігі бекем, тұғыры берік болса, алда аса алмайтын асу қалмас. Осы жағын бір пысықтап алған президентіміз БҰҰ-ның басшылық құрамымен өткізген кездесуінде тағы да көрегендік танытты. Нақты айтқанда, ол геосаяси тұрақсыздық өрши бастаған мына кезеңде осы бір халықаралық ұйым өзінің әмбебап әрі баламасыз сипатын сақтап, бейбітшілік, қауіпсіздік және дамуды қамтамасыз ету ісіндегі бірегейлігін сақтап қала беретініне зор сенім білдірді.

«Біздің ортақ міндетіміз – БҰҰ-ның жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, ХХІ ғасыр сын-қатерлеріне тиімді қарсы тұра алатын басты халықаралық

институт ретіндегі рөлін күшейту. Қазіргі заманның түрлі проблемасына қатысты ортақ ұстанымның жаршысы ретінде «ШЫҰ дауысы» халықаралық аренада қаттырақ естілуі керек және солай болуға тиіс. Сондықтан біз қабылдаған тату көршілік, сенім және ынтымақтастық қағидаттары туралы мәлімдеме өте өзекті», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ биыл Астанада өткен форумда әлемнің жаппай дамудың жаңа кезеңіне қадам басқаны ашық айтылды. Онда да көнігі дипломатқа төн деңгәрдәріктан танбаған Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ елінің «идеяның кені, арағайындық шешімдердің архитекторы және түрлі өңірлер мен мәдениеттердің серіктесі» ретінде дамудың даңғылын салуға өз үлесін қосуға дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар әлемдегі басты қайшылықтардың түйінін ұжымдық күш-жігер мен парасатты дипломатия



арқылы ғана тарқатып, дүниежүзінде ұзақмерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге болатынына сенімі кәміл.

«Бүгінде әлем бұрын-соңды болмаған геосаяси қайшылықтар мен қақтығыстардың күшеюіне байланысты туындаған күрделі сынақтармен бетпе-бет келіп отыр. Халықаралық қауіпсіздіктің архитектурасына қауіп төніп тұр. Тұтас адамзат үшін оның зардабы ауыр болуы мүмкін. Осындай сын сағатта бізге өңірлік және жаһандық деңгейдегі

ұжымдық күш-жігер арқылы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту үшін орасан зор жауапкершілік жүктеліп отыр», - деді Қазақстан президенті Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысынан кейінгі саммитте.

Лайым ол жауапкершілікті де абыроймен алып жүруге жазсын!

Еркеғали БОЛАТУҰЛЫ

## ҰЛТ ПЕН ҰЛЫС ТАТУЛЫҒЫН АЙҒАҚТАҒАН КЕШ

Қазақстан – көпұлтты, көптілді, мәдениеті саналуан ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан бейбіт ел. Осы орайда жыл сайын 1 мамырда елімізде ерекше мәнге ие Қазақстан халқының бірлігі күні атап өтеледі. Бұл – бейбіт өмір мен татулықты, бауырмалдық пен достықты дәріптейтін жарқын мереке. Ел Тәуелсіздігін алған жылдан бері бұл күн халықтың ынтымағы мен ел ішіндегі тұрақтылықтың символына айналды.



Бірлік күні – әр ұлттың мәдениеті мен дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелейтін маңызды дата, жүзден аса ұлт пен ұлысты бауырына басқан қасиетті қазақ жерінде достық пен өзара түсіністіктің, ұлттар арасындағы татулық пен келісімнің салтанат құратын күні.

Осы ізгі дәстүрді жалғастыру мақсатында Тайтөбе орта мектебінде ұйымдастырылған «Бірлік, достық, ынтымақ» атты концерт барша көрерменнің көңілін шығып, мазмұнымен, маңыздылығымен, шынайылығымен жүректерге жол тартты.

Салтанатты кешті мектептің белсенді оқушылары әсерлі өлең жолдарымен ашты. Іс-шараның ашылуында мектеп директоры Гүлім Алиева құттықтау сөз сөйлеп, ел ішіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың маңыздылығына тоқталып, оқушылар мен ата-аналарды мерекемен құттықтады.

Концерттік бағдарламада оқушылар түрлі ұлттардың билерін орындап, достық пен ынтымақтың шынайы бейнесін көрсете білді.

6 «А» сынып оқушыларының орындауындағы ұлттық «Қара жорға» биі – қазақ халқының рухани қуатын жеткізсе, 6 «Ә» сынып оқушылары орыс биін билеп, көрермендердің қошеметіне бөленді. Сондай-ақ:

- 6 «Б» сыныбы өзбек биін сахна төрінде шебер орындады;

- 6 «В» сынып қыздары татар биін ерекше нәзіктікпен ұсынды;

- 7 «А» сынып оқушылары қытай биін көркем жеткізді;

- 7 «Ә» сынып оқушылары үнді биінің әсемдігін көрсетті;

- 7 «Б» сыныбы башқұрт биімен ұлттық өрнекті би тілінде жеткізді;

- 7 «В» сынып оқушылары шешен биін асқан шеберлікпен орындады;

- 8 «А» сынып көрерменді түрік биімен тәтті етті;

- 8 «Ә» сынып испан биімен кештің сәнін келтірді;

- 8 «Б» сыныбы ұйғыр биін билеп, сахнаға ерекше серпін сыйлады.

Соңғы нүктені 9-сынып оқушыларының орындауындағы «Ұлттар биі» қойылымы қойып, барша ұлыс арасындағы бейбітшілік пен достықтың символына айналды.

Мерекелік кешті тамашалаған ұстаздар, ата-аналар мен оқушылар ерекше көңіл-күймен тарасты. Әр ұлттың ұлттық биін тамашалау көрерменді рухани байыттып, еліміздегі ұлттар достығы мен бейбіт өмірдің қадірін терең сезіндірді. Түрлі ұлт мәдениетінің үйлесімді көрінісі – оқушылардың сахнадағы шынайы орындауымен жарасым тауып, залдағы көпшілікті тәнті етті. Әсіресе, кішкентай өнерпаздардың сахнадағы батылдығы мен би арқылы жеткізген достық пен ынтымақтың бейнесі көрермен жүрегіне жол тауып, жылы лебіздер мен қошеметке толы сәттер көп болды. Әр көрініс пен би бірлік пен бейбітшілікке құрметтің белгісіндей әсер қалдырды.

Достық, татулық, бірлік – біздің ең басты байлығымыз. Ал бұл сезімдерді жас ұрпақтың санасына бала кезден сіңдіру біздің айқын мақсатымыз болуы керек.

Назерке БЕКЕТАНОВА,  
Тайтөбе ауылының ЖОББМ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, тәлімгер

Қосшы қаласының бүгінгі келбеті – тек жаңа көшелер мен шағын аудандардың өсуімен ғана емес, сонымен қатар осы өңірдің тыныс-тіршілігіне елеулі үлес қосып жүрген қарапайым еңбек адамдарының табанды қызметімен де айшықталады. Солардың бірі – «Қосшы су» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жүргізушісі, өз ісінің жауапты маманы, 6 баланың әкесі, көптің алғысына бөленіп жүрген Сергей Ромазанұлы Айтпаев.

## Су саласына септескен Сергей

Жұмысына тыңғылықты, мінезі сабырлы, ұжымға сыйлы азаматтың Қосшы қаласына қоныстанғанына да 30 жылдан аса уақыт болыпты. Оның өмір жолы – елдегі этностардың татулығы, еңбектің қадірі мен адалдықтың биік құндылық екенін дәлелдейтін тағалымды тағдыр.

Сергей Ромазанұлы – Солтүстік Қазақстан облысына қарасты бұрынғы Соколов ауданының тумасы. Табиғаты өзгеше, орман-тоғайлы солтүстік өңірде дүниеге келген ол жастайынан еңбекке ерте араласып, адалдықты өмірлік қағидасы етіп ержеткен. Балалық шағын ауылда өткізіп, отбасының қадірін, тұрмыстың тынысын, еңбектің маңызын жете сезініп өсті.

1990 жылы Айтпаевтар отбасы Ақмола облысына қоныс аударады. Әуелі Қабанбай батыр ауылына тұрақтап, бірнеше жыл сонда тұрады. Сол кезең – бүкіл ел үшін де, көптеген отбасы үшін де жаңа бағытты талап еткен алмағайып уақыт. Алайда Сергей Ромазанұлы қандай жағдайда да мойымай, күнделікті адал еңбегімен отбасының берекесін сақтап қалды.

Қосшы ол уақытта шағын ауыл болатын. Бүгінде 60 мыңнан аса тұрғыны бар, қарқынды дамып келе жатқан қалаға айналды. Сергей Айтпаев бұл өзгерістерді сырттай бақылап қана қойған жоқ, өз өмірін осы өңірмен байланыстырып, қаланың өсу кезеңдерін өз көзімен көрді.

Қосшыға алғаш келген жылдары ол әр салада еңбек етіп, жауапкершілікті талап ететін қызметтерді атқарды. «Адал еңбек адамды биіктетеді» деген түсінікпен әр жұмысына зор талаппен қараған Сергей Ромазанұлы біртіндеп өз ортасында сыйлы азаматқа айналды.

2021 жылы ол «Қосшы су» коммуналдық кәсіпорнына жүргізуші ретінде жұмысқа қабылданады. Қала халқының күнделікті тұрмысындағы ең маңызды салалардың бірі – су мәселесі. Ауыз су жеткізу, жүйені бақылау, техниканы дайындау, апаттық жағдайлардағы жылдам әрекет – бәрі де үлкен жауапкершілік жүктейді.

Сергей Айтпаев бұл міндеттерді мінсіз атқарып келеді. Мекеме басшылығы оның еңбек мәдениетін, ұқыптылығын, уақытылы әрі сапалы жұмысын ерекше бағалайды. Жедел шақыртуларға дер кезінде жетіп, әр тапсырманы тыңғылықты орындау – оның кәсіби болмысының басты қыры.

Ұжымды да Сергей Ромазанұлын ерекше құрметтейді. «Қарапайым, сабырлы, әріптестерге қамқор, жұмысын жақсы білетін маман», - дейді әріптестері. Еңбегі бағаланып, ол Қосшы қаласы әкімінің Алғыс хатына ие болды. Бұл азаматтың абыройлы еңбегіне берілген әділ баға еді.

Сергей Ромазанұлы – көпбалалы отбасының отағасы. Алты бала тәрбиелеп отырған ол үшін отбасы – өмірдің ең үлкен байлығы. Балаларына



тек материалдық жағдай ғана емес, адамдық қасиет, еңбекқорлық, елге деген құрмет сияқты құндылықтарды үйретуді басты мақсат санайды.

Үйінде де, жұмысында да жауапкершілік танытып жүрген әкенің беделі биік.

«Баланың тәрбиесі әкенің жүріс-тұрысынан басталады. Біз қандай болсақ, олар да сондай болып өседі. Сол үшін балаларыма адалдықты, еңбек етудің қасиетін көрсетуге тырысамын», - дейді ол.

Бүгінде Қосшы қаласында 30-дан аса этнос өкілі өмір сүреді. Қаланың әр көшесі, әр ауласы – елдің көпұлтты бейнесінің бір бөлігі. Осындай ортада өсіп, еңбек етіп келе жатқан Сергей Ромазанұлы этностар арасындағы татулықты басты құндылық санайды.

«Бірлігі жарасқан елдің болашағы жарқын болады. Қосшыда түрлі ұлттың өкілдері тату-тәтті тұрады. Бір-бірін сыйлайды, қолдайды. Біз бұл қаланы бәріміз бірге көтеріп келеміз. Мен үшін Қосшы – туған үйімнен кем емес, жүрегіме жақын қала», - дейді ол.

Қосшының бүгінгі жетістігі – осындай азаматтардың адал еңбегінің арқасы. Олар – қаланың іргесін бекітіп тұрған шынайы тіректер. Еліміздегі көпұлтты қоғамның бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүре алатынын дәлелдейтін мысал – Сергей Айтпаевтың өмір жолы.

«Судың да сұрауы бар» дейді ғой. Біз үшін бұл — жай мақал емес, күнделікті жұмысымыздың қағидасы. Қандай істі істесек те, жауапкершілікпен орындау керек. Халыққа су жеткізу – үлкен аманат», - дейді Сергей Ромазанұлы.

Ғани АТЫМТАЙ

1	2	3	4			5		6	7	8	9	10
11					12		13		14			
15			16								17	
18		19			20				21	22		
				23				24				
	25		26					27	28		29	
30							31					
	32					33		34				
35				36	37		38					39
40	41		42		43				44		45	
46			47								48	
49		50			51				52	53		
54								55				

«Jana Bastau» газетінің №43 (182) санында жарық көрген  
кроссвордтың дұрыс жауаптары:

	Х		Б	А	Р	Б	Е	К	Ю		Б	
Б	А	Ғ	А	М		Л		А	Т	Л	Е	Т
	Л		П	А	Л	И	Т	Р	А		Т	
А	У	А		Н		Ц		Т		Т	О	Қ
Қ	А	Р	С	А	Қ		Д	О	Л	А	Н	А
М		Қ		Т	О	С	А	П		П		Й
А	Р	А	Й		Р	О	К		Т	А	Й	М
Р		Л		С	А	М	А	Н		Н		А
А	Қ	Ы	Р	А	П		Р	А	У	Ш	А	Н
Л	А	Қ		Ф		М		П		А	С	А
	М		К	А	Ш	А	Л	О	Т		Т	
Қ	А	Т	Е	Р		С		Л	А	Ш	Ы	Қ
	Л		К	И	П	А	Р	И	С		Қ	

ТІГІНЕН:

1. Тізбек, рет. 2. Келбет, көрік. 3. Би өнеріндегі арнайы бір аяқ қимылы. 4. Кавказдағы халық. 5. Велосипед бөлшегі. 7. Құнды, бағалы. 8. Шығыс Азиядағы үстел ойыны. 9. Қадам, жүріс. 10. Әділетсіз, жазықсыз. 12. Ақыл, ой. 13. Сортаң жерге шығатын өсімдік. 19. Сабын шикізаты мен дәрі алынатын бұталы шөптесін өсімдік. 22. Ұлттық музыка аспабы. 23. Ұмтылыс, ынта, талпыныс. 24. Ұқыпсыз. 25. Сәуле, жарық. 26. Жіңішке ұзын темір. 28. Үлкен бөлме. 29. Көктемнің басында қар суымен шығатын майда шөп. 33. Таза тұқымды, бір өркешті түйенің ұрғашысы. 35. Тігілген кімнен, теріден қалған түрлі қиынды. 37. Жеміс түрі. 38. Өзен аңғарының су ағып жататын терең өзегі. 39. Мұрын қуысы. 41. Сібірдегі өзен. 42. Шымқай қызыл, қып-қызыл. 44. Грек мифологиясындағы батыр кейіпкер. 45. Футбол Королі. 50. Ождан, намыс. 53. Жалын.

КӨЛДЕНЕҢНЕН:

1. Ақсу алабындағы өзен. 6. Тапанша түрі. 11. Өлім, қаза. 12. Сұс, айбат. 14. Тұрмыста қолданылатын химиялық ұнтақ. 15. Араб әліпбиіндегі әріп. 16. Түркияның Азия бөлігі. 17. Желден, жауыннан пана жер. 18. Нәпсі, құлқын. 20. Бір өркешті түйе. 21. Түйе тұқымдасына жататын өркешсіз ашатұяқты жануар. 23. Қырғызстандағы қала. 25. АҚШ үкіметінің ғарыш агенттігі. 27. Әрең, зорға. 30. Намаз оқыған кезде бет қарататын жақ. 31. Қазақстандағы тау. 32. Италиядағы футбол командасы. 34. Үлкен, ашық жер. 36. Қағаз беті. 40. Балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық газет. 43. Скандинав музыкалық аспабы. 44. Үлкен өзендерде пайдаланылатын аудың бір түрі. 46. Бір нота. 47. Германияның балама атауы. 48. Малға салынатын таңба. 49. Қыз есімі. 51. Әбділдә Тәжібаевтың шығармасы. 52. Тропиктік жерлерде өсетін ағаш түрі. 54. Жылқының қатпар-қатпар майлы ішегінен жасапатын сыйлы тағам. 55. Сөздің мағынасын толықтыратын сөздер.

Сөзжұмбақты құрастырған: Аршат Ораз  
(жауаптары газеттің келесі нөмірінде)

## ХАБАРЛАМА

«Қазушар» ШЖҚ РМК Ақмола филиалы «Преображенск су торабы, Нұра-Есіл каналы және Нұра өзені арнасының бір бөлігін шөгінділерден тазарту» жұмыс құжаттамасына сәйкес «Мүмкін әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулардың өтетіндігі туралы хабарлайды.

Объектінің орналасу координаттары:

1. 50°54'33.8»N 71°20'08.2»E;

2. 50°54'35.6»N 71°20'16.3»E;

3. 50°55'02.9»N 71°19'46.3»E;

4. 50°55'04.1»N 71°19'53.7»E;

5. 50°55'16.1»N 71°19'39.6»E;

6. 50°55'16.4»N 71°19'44.1»E.

Тыңдау мына мекенжайларда өткізіледі:

2025 жылғы 18 қараша, сағат 10.00-де: Ақмола облысы 010078, Қосшы қаласы, Республика көшесі, 46 ғимараты. <https://us05web.zoom.us/j/85940516959?pwd=bqdHwUinMdO8t3qo9yGELclruScjYU.1>

Конференция идентификаторы: 859 4051 6959

Коды: Z0zjC6Қатысушыларды тіркеу тыңдаулар басталғанға дейін 10 минут бұрын жүргізіледі, жеке куәлікті көрсету арқылы.

Жобалық құжаттама және қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша ақпарат «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында орналастырылатын болады: <https://ndbecology.gov.kz/>, «Қоғамдық тыңдау күнтізбесі» бөлімі, сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>, онда барлық ұсыныстар мен ескертулер қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органның байланыс деректері: Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89, тел. 8 (7162) 40-28-07, эл. мекен-жайы: [natur@akmola.gov.kz](mailto:natur@akmola.gov.kz).

Пошталық мекенжайы: 010000г. Астана, Сарыарқа ауданы, Ықылас Дүкенұлы, 23/1, БСН 110941002791, [afgidroteh00@mail.ru](mailto:afgidroteh00@mail.ru), телефон: 8-747-559-67-24.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Экологиялық инновациялар» ЖШС-БСН 111240013698, [ekolog\\_201512@mail.ru](mailto:ekolog_201512@mail.ru), телефон: 8-701-338-24-28.

Акмолинский филиал РГП на ПХВ «Казводхоз» продлевает общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» к рабочей документации «Очистка от донных отложений Преображенский гидроузел, канал Нура-Есиль и часть русла р.Нура».

Координаты расположения объекта:

1. 50°54'33.8»N 71°20'08.2»E;

2. 50°54'35.6»N 71°20'16.3»E;

3. 50°55'02.9»N 71°19'46.3»E;

4. 50°55'04.1»N 71°19'53.7»E;

5. 50°55'16.1»N 71°19'39.6»E;

6. 50°55'16.4»N 71°19'44.1»E.

Слушание будет проводиться:

18 ноября 2025 года, в 10.00 по адресу: 010078, Акмолинская область, Администрация «Аппарат акима города Косшы» по адресу Акмолинская область, Косшы, улица Республики, 46.

Ссылка на zoom: <https://us05web.zoom.us/j/85940516959?pwd=bqdHwUinMdO8t3qo9yGELclruScjYU.1>

Идентификатор конференции: 859 4051 6959

Код доступа: Z0zjC6

Регистрация участников производится за 10 минут до начала слушаний, при предъявлении удостоверения личности.

Информация по проектной документации и протоколу общественных слушаний будет размещена на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://ndbecology.gov.kz/>, раздел «Календарь общественных слушаний», а также <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>, там же принимаются все предложения и замечания.

Контакты местного исполнительного органа в области охраны окружающей среды:

г. Кокшетау, ул. Абая, 89, тел. 8 (7162) 40-28-07, эл. адрес: [natur@akmola.gov.kz](mailto:natur@akmola.gov.kz).

Почтовый адрес: 010000г. Астана, район Сарыарқа, Ықылас Дүкенұлы, 23/1, БИН 110941002791, [afgidroteh00@mail.ru](mailto:afgidroteh00@mail.ru), телефон: 8-747-651-83-81.

Разработчик проектной документации: ТОО «Экологические инновации» – БИН 111240013698, [ekolog\\_201512@mail.ru](mailto:ekolog_201512@mail.ru), телефон: 8-701-338-24-28.

# БІРЕГЕЙ БРЕНДТЕР КӨРМЕСІ



12-13 қарашада Астанада еліміздегі шағын және микробизнесті дамытуға бағытталған «Бір ауыл – бір өнім» жобасының республикалық көрмесі өтті. Бұл жобаны «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Ұлттық экономика министрлігі және Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігі іске асырып отыр.

Одағы басты мақсат – жергілікті шикізаттан өнім жасайтын кәсіпкерлерді қолдау, сондай-ақ Қазақстан өңірлерінің танымал қабілетті бірегей тауарларын ілгерілету.

«Бір ауыл – бір өнім» жобасы 2021 жылы Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (JICA) және халықаралық даму институттарын қаржыландырудың қолдауымен бастамашы болды. Іс-шара қонақтары экологиялық таза азық-түліктен бастап, инновациялық ауыл шаруашылығы және қолөнер бұйымдарына дейін өнімнің кең тұржынағымен таныса алады.

Еске сала кетсек, биылғы шілде айында Ақмола облысының кәсіпкерлер палатасы өткізген облыстық байқаудың қорытындысы бойынша, үш финалистің қатарына Қосшы қаласының қолө-

нершісі Әлия Қалиасқарова кірген болатын. Оған осы республикалық байқауда Ақмола облысын таныстыруға бірегей мүмкіндік туды.

Әлия қазақ қолөнерінің ежелгі дәстүрлерін дамытып, киізден түрлі бұйымдар, сырмақтар, текеметтер, ұлттық керек-жарақтар мен тұрмыстық заттар жасап, өз жұмыстарында дәстүрлер мен заманауи көркемдік көзқарасты біріктіреді. Оның әрбір бұйымы – жай ғана кәдесый емес, жандүниесі мен қазақ мәдениетінің бір бөлігі. Өзінің таланты мен шеберлігінің арқасында бұйымдар елімізден тысқақы жерлерде танылады. Олардың 80%-ын шетелдік туристер сатып алады және этникалық өнерді бағалаушылар арасында танымал болады.

Өндірілген өнімді одан әрі дамыту мақсатында 5

млн теңгеге дейінгі мемлекеттік гранттар тек қана әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне және осы жобаның финалистеріне беріледі. Әлия жобаның финалисі ретінде мемлекеттік грантқа ие болды және өндіріске қажетті жабдықтарды сатып алды.

Мұндай кездесулер жұмыста көп көмектеседі. Қолөнершілер өзара тәжірибе алмасып, шеберлік дәрістерін өткізеді. Жалпы алғанда, бұл үрдіс өнімді танымал етіп, қолөнер жұмысын одан әрі ілгерілетуге сеп болады.

Көрмеге әрбір келуші шеберлермен жеке танысып, олардың жұмыстарын бағалап, қазақстандық бірегей брендтердің дамуына қолдау көрсете алады.

Қуаныш НҰРТАЗИН

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ӨНЕРДІҢ ТОҒЫСҚАН СӘТІ

Тайтөбе жалпы орта мектебінде дәстүрлі «Қыз сыны – 2025» байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл байқаудың негізгі мақсаты – қазақ қызына тән инабаттылық, сыпайылық, шеберлік және ұлттық құндылықтарды насихаттау.

Сонымен қатар қыз балалардың бойындағы өнер, білім, тапқырлық, қолөнер сынды қасиеттерін ашып, өз-өзіне сенімді болуға баулу, отбасылық тәрбие мен ұлттық мұраны дәріптеу, ата-анамен тығыз байланыс орнату көзделді. Мектептің 6-8 сынып аралығындағы оқушылардан 10 ару қатысып, өздерінің қабілеті мен өнерін ортаға салды.

Байқау мынадай төрт кезеңнен тұрды:

1. «Мен қазақтың қызымын» – өзін-өзі танытыру. Бұл бөлімде қатысушылар ұлттық рухтағы тапқақтар мен қара сөздер арқылы өз болмысы мен арман-мақсаттарын әсерлі жеткізе білді.

2. «Өнерлі өрге жүзер» – шығармашылық кезең. Мұнда қыздар ән айтып, би билеп, күй тартып, өлең оқып, өздерінің ерекше өнерін паш етті. Әр ару өз дарынын барынын жарқырата білді.

3. «Анасымен бірге – ұлттық тағам» – үй тапсырмасы. Қатысушылар анасымен бірге ұлттық тағамды бейнежазба арқылы дайындап, көрермен мен әділқазы алқасына ұсынды. Бұл бөлім ананың қыз тәрбиесіндегі орнын, отбасы құндылығын ерекше көрсетті.

4. «Қызықты қолөнер» – қолөнер бұйымын жасау және қорғау. Қатысушылар өз қолымен жасаған бұйымдарын таныстырып, оның қандай мағына беретінін, өзі қалай жасағанын айтып өтті. Бұл кезеңде шығармашылық пен шеберлік ерекше көрінді.

Байқауға қатысқан әрбір арудың мектептің көркі, тәрбиелі отбасының айнасы екені байқалды.



Әрбір қыз өзін сахнада сенімді ұстап, көпшілік алдында сөз саптауынан, жүріс-тұрысынан болашақ инабатты арудың бейнесін көрсете білді.

Динара Ерболқызы – сөз саптауы келісті, сымбатты және сабырлы ару. Көркем мінезі мен өнерге деген сүйіспеншілігі көпшілікті тәнті етті. Балнұр Тағабай – жымиысы жүрек жылытар, жанарынан ұяңдық пен ізгілік көрінетін нәзік мінезді қатысушы.

Аяжан Ақмырза – сөзге шешен, ұлттық дәстүрді ерекше құрметтейтін өнерлі қыз.

Кәусар Өсербай – әдептілігімен, әдемі қолөнерімен көзге түскен нәзік те еңбекқор ару. Нұрсезім Марат – кішкентай болса да өнері мен шеберлігі үлкендерге үлгі боларлықтай қыз.

Аяжан Бөлебай – көркі мен ақылы жарасқан, сахнаға шыққанда нұрланып, барша көрерменнің назарын өзіне аударған ару.

Айғаным Барамбек тапқырлығымен ерекшеленіп, сахнада өзін емін-еркін ұстай біледі.

Інжу Жәнібек байыпты мінезі мен салмақты сөйлеуі оны болашақ көшбасшы ретінде көрсетті.

Мадина Нұрман ұлттық тағам дайындаудағы шеберлігімен танылып, тамаша бейнеролик ұсынды.

Дәрия Саматқызы өз қолымен жасаған бұйымы арқылы шығармашылық әлеміне жетеледі.

Бұл ретте «Қыз сыны – 2025» байқауы жас буынның бойына ұлттық құндылықтарды сіңірудің, салт-дәстүрді дәріптеудің, өнер мен тәрбиені ұштастырудың тамаша алаңына айналды. Сайыс барысында қыз балалар тек сыртқы сұлулықпен ғана емес, жан сұлулығымен, ішкі дүниесінің байлығымен танылды.

Осындай тағылымды іс-шаралар арқылы мектеп қабырғасында ұлттық сана мен рухани тәрбие қатар өріліп, оқушылардың бойына елжандылық, парасаттылық, мәдениеттілік, сұлулыққа құштарлық сияқты асыл қасиеттер дарытылады.

Ұлттың ұяты – қыз, ал қыз тәрбиесі – елдің тәрбиесі. Сондықтан да бұл байқау жас ұрпаққа бағыт-бағдар беретін, рухани дамуға жол ашатын мәні терең мерекелік іс-шара болды. Алдағы уақытта да бұл байқаудың дәстүрлі түрде жалғасын тауып, келешек ұрпақтың жүрегіне жарық сәуле тарататынына сенім мол.

Назерке БЕКЕТАНОВА,  
Тайтөбе ауылының ЖОББМ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, тәлімгер